



ҚМҚК меңгерушісі: Ережепова Г.Ш

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тіл дамыту

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Тәрбиеші: Емжаева Ж

«Балауса» ортаңғы тобы

Күні: 23.01.2026 жыл

Тәрбиеші: Емжаева Жадыра

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Тіл дамыту

Тақырыбы: «Қыс қызығы!»

Мақсаты: Қыс мезгілдері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын молайту,

Табиғат құбылыстарын бақылауға үйрету, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту.

Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметтік қарым – қатыныс жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Міндеттері: Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға еркін жауап беруге үйрету. Сөздік қорларын көбейту, Артикуляциялық және дауыс аппаратының сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.

Қармен тәжірибе жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу. Балаларға эмоцияналдық көңіл-күй сыйлау, зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын арттыру.

Дидактикалық және дамытушы ойындарда, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды бекіту.

Әдіс тәсілдері: Додекаэдр әдісі, Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын әдісі, бақылау, зерттеу жұмысы. Интерактивті тактадан қыс туралы видео ролик көрсету., ойын ойнату.

Сөздік жұмыс: Боран, аяз, мамықтай қар

Қолданылатын технологиялар: ойын, денсаулық, АКТ технологиясы.

Ресурстары: Қыс мезгілі бейнеленген суреттер, балаларға тәжірибе зерттеу жұмыстарын жасауына керек заттар.

Кіріктірілген дағдылар: Каммунативтік, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоцияналдық, физикалық, шығармашылық

ҮІӘ барысы: Балалармен бірге келген қонақтармен амандасып, шаттық шеңберін жасау,

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Бар адамды құрметтеп,

Бас иеміз біз!

Балалардан жылдың қай мезгіл екенін сұрау.

Қыс мезгілі, қар туралы артикуляциялық жаттығулар жасату.

Ар, ар, ар, Жауды қар.

У, У, У боран соқтты гууу, шшш

Балалар бүгін біз қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелейміз.

Тақырыпты толық түсінуіміз үшін интерактивті тақтадан қыс туралы видео ролик көріп тамашалайық.

Сұрақ жауап арқылы балалардан не түсінгендерін сұрау арқылы қыс қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту, табиғат құбылыстарын бақылап, зертеу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту..

Жи арқылы Мұз Ханшайымын сөйлету, мұз қаншайымының берген тапсырмаларын орындау.

Бақылау, зерттеу жұмысын жасау

Қарды, мұзды бақылап, тәжірибе жасап зерттеу. Балаларға эмоцияналды көңіл-күй сыйлау.

Табиғи қар мен жасанды қарды, мұзды зерттеу, бақылау.

Жылы су құйғандағы қар мен мұздың күйін бақылау.

Мұзға лимонный кислота сеуіп көреміз.

Лимонный кислота сепкенде мұзда жырықтар мен ойықтар пайда болады.

Мұзды, қарды бояу, сурет салу.

Сергіту сәті: Әуен ырғағына сәйкес қимылдар жасау

Дамытушы орталықтағы ойындар:

1. Қар бейнесін құрастырайық

Міндеті: аппақ қар бейнесінің үстіне макта таяқшаларын ретімен орналастыру арқылы қар жасап, балалардың қол моторикасын дамыту.

2. Аққала жасау.

Аққаланы дәстүрден тыс бейнелеп, жасау, арқылы балаларға эмоцияналдық көңіл-күй сыйлау.

3. Мен суретшімін

Мұзды, қарды әр-түрлі ойыншық қаліп пішіндерге салып дәстүрден тыс бояу арқылы сурет салу.

Ойындар барысында балалардың сөздік қорларын дамытып, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

Қимылды ойын: Қар лақтыру.

Міндеті: Аққала, аязата, ақшақарға қар жинап лақтыру, балаларды жылдамдыққа, шапшаңдылыққа баулу.

Додақаэр әдісі арқылы балаларға қыз қызықтары, көріністері бойынша сұрақтар қойып, алдына көрінген суретті әңгімелеу. Суреттегі көріністі танып әңгімелеп берген балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Сөздік қорларын байыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

Қыс ерекшеліктері /суық, аяз, қар жылы киіну/ туралы білімдерін бекіту.

Қыстағы адамдардың еңбектерін қадірлеуге тәрбиелеу.

Тексеріледі: [Signature]